

# Ер есімі – ел есінде

## Қазақтың егемен тарихының қайта жаңғыртушысы – Манаш Қозыбаев

**Біздің аймақ көптеген атақты адамдармен танымал.**

Еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толып отыр. Егемендіктің қалыптасуының алғашқы жылдарында елді көптеген сынақтар күтіп тұрды. Сол сынақтар шекаралас мемлекеттер арасындағы шекара бекеттерін белгілеу кезіндегі іс-шараларға қатысқан біздің жерлесіміз тарихшы академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев болатын.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қостанай облысының Құрметті азаматы Манаш Қабашұлы Қозыбаев көзі тірі болғанда 90 жасқа келер еді.

Манаш Қозыбаев 1931 жылы 16 қарашада Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Итсары (Абай) ауылында дүниеге келген. Отбасында үш ұл, екі қыз өсіріп жеткізген Қабаш Қозыбаевтың екінші ұлы еді. Ұлы тұлғаның туған күніне орай Краснопреснен жалпы білім беретін мектебінің оқушылары Манаш ағамыздың қарындасы Саулеш Қабашқызына барып, ағамыз

туралы сұхбат алып келді.

Саулеш апамыз әңгімесінде Манаш ағамыз туралы біраз мәлімет берді. Манаш ағамыз жастайынан білімге құштар болған көрінеді. Сүйіп оқыған пәні тарих екен. Мектепте алған білімін ары қарай 1947 жылы сол кездегі Меңдіқара педагогикалық училищесінде жалғастырған. Саулеш апайдың айтуы бойынша Манаш ағамыз Қазақстанның Ресейдің отарына айналу процесін қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысында қайта қарастырып, еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстардың жаңа концепциясы жасалған екен. Кеңес Одағы кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеп, оның құрбандары ақталған. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастырумен қазақ шаруаларын зорлап, отырықшыландыру тарихы мен оның салдарын ашық айтқан.

Алаш – еліміздің ежелгі аты. Ол ғасырдың басындағы ұлттық санасында өсу процесінің құрамдас бөлігі, – деп алғаш айтқан Манаш Қозыбаев болды. Қазақстан тарихнамасында Манаш Қабашұлы бірінші болып «халқымыз қараңғы еді, мәдениеті төмен, сорлы еді» – деген тезиске қарсы шыққан.



Ұлы тұлға Манаш Қозыбаев

«Дала этикасы – ол тағдырлар этикасы емес», – деді Манаш Қозыбаев. Ол – көшпенділер өркениетінің этикасы. Ол – он үште ұлды ұлан етіп жеткізген, он алтыда қызды бұлаңдатып бой жеткізген халықтың этикасы. Ол – сұлулықты, батырлықты, парасаттылықты төбесіне көтерген халықтың этикасы.

Әрине, Манаш ағаның кейінгі жылдары жарық көрген зерттеулерінен дүниежүзілік соғыс пен оның барысындағы Қазақстан мен қазақ елінің рөліне байланысты пікірінің өзгеріске ұшырағандығын аңғару қиынға түспейді.



Оқушылардың Манаш ағамыздың еңбегімен танысу сәті

Мәселен, М.Қ.Қозыбаев 1995 жылы Евразияның №1 (3) санында жарық көрген мақаласында «Соғыс жылдары кеңес халықтарын не біріктіреді?» деген сауал қоя отырып, оған мынандай жауап береді: «Әрине, біздің халқымыздың кеңес мемлекеті мен коммунистік партияның саясатына наразы боларлықтай негізі жеткілікті де. КСРО-да жаңа қоғам құрудың басты әдісі зорлау болды. Бірақ Кеңес адамдары төнген қатерлі қауіп алдында ұлы рухани ерлік жасады. Билікке деген кегі мен өкпесін кейінге ысырды» – деп, әбден орынды жазды.

Дегенмен, Манаш Қозыбаев есімінің Отан тарихын сыйлайтын оқырмандар арасында кең мәлім болуы еліміздің мемлекеттік тәуелсіздік алған жылдарына түс келді.

Манаш Қозыбаев отандық тарихнамада алғашқылардың бірі болып тарихи портреттер жасауды қолға алған еді. Мұндай жауапты қадамға баруға тарихшының даярлығы да, талант-қуаты да жеткілікті болатын.

Манаш аға ұзақ жылдар бойы коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің Қазақстандағы кадр саясатын тыңғылықты, әрі терең зерттеген саналы

мамандардың бірі.

Сөз соңында Саулеш апай Манаш ағамыз өмірінің соңғы сәтіне дейін өз жұмысына, өз еліне, өз халқына адал қызмет еткендігін және 2002 жылы 30 қазан күні 70 жасында үшінші рет инфаркт алып дүниеден өтті, – деді.

Еліне адал қызмет еткен ұлы тұлға Манаш ағамыздың еңбегі мен өмірі кейінгі ұрпаққа мәңгілік азық, өнеге. Ағамыздың есімі жас ұпақтың мәңгі есінде.

**Данияр МОЛДАБЕКОВ,  
Краснопреснен  
мектебінің тәлімгері**